«Бекітемін»
Мектеп диеркторы:
М.Изатуллаева.............................................

# Әдістемелік жұмыстың жылдық жоспары

**«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі**

**2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік**

**кеңестің тақырыбы:**

***«Мектеп оқушыларының оқу және тәрбиелеу үдерісінде жеке тұлға ретінде даму заңдылықтарына тікелей ықпал жасап, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, өзіндік әрекетін қалыптастыру»***

**Мақсаты:**

*1.Оқушыны өзін – өзі тану және бағалай білу дәрежесіне жеткізу*

*2.Түрлі шығармашылық жұмыстарға бағыт-бағдар беру*

*3.Жеке тұлға ретінде тану, санасу*

*4.Әлеуметтік-психологиялық хал-ахуалын зерттеу, шара жасау*

*5.Бойына «Мен» деген сенімділік қалыптастыру*

*6.Жаңа әдіс-тәсіл жасап, оқу тәрбие деңгейін көрсету*

## Міндеттері:

*1.Жеке тұлғаға бағытталған оқу мен іс-шараларды үзбей қолдану*

*2. Дарынды оқушыларға бағыт-бағдар жасап, жеке жұмыс жүргізу*

*3.Салауатты өмір сүруге, мәдени-рухани болуына ықпал етіп отыру*

*4.Белсенді оқушылар арқылы үлгерімі төмен оқушыларды алға тарту*

*5.Ата-аналармен тығыз байланыста болу*

*6.Ұжымдық қарым-қатынасты сан түрлі әдіспен ұйымдастыра алу*

Әдістемелік жұмыстың жылдық жоспары

| Бағыты | Мақсаты | Мазмұны | Мерзімі | Жауаптылар | Түпкі нәтиже |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.Әдістемелік кеңес жұмысы | Оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігі мен сапасын арттыру бойынша маңызды пікір-ұсыныстарды қарау, озық тәжірибені тарату, оқу пәндерін оқыту әдістемесін жетілдіру жолдарын айқындау | Ескерту: әр әдістемелік кеңеске белгілі бір тақырып қойылуы мүмкін | Тамыз<br>Қараша<br>Қаңтар<br>Наурыз<br>Маусым | ДӘЖЖО | Хаттамалар |
| 2.Оқу пәндерін оқыту сапасы | Мұғалімнің кәсіби құзыреттілік және әдістемелік даярлық деңгейлік анықтау | Бағдарламалар мен күнтізбелік жоспарларды бекіту | Тамыз | ӘБ жетекшілері | Хаттама |
| | | Сабақтарға ену | Жыл бойы | Мектеп әкімшілігі ӘБЖ | Талдаулар |
| | | Оқушыларды, мұғалімдерді сауалнамалау | Жоспар бойынша | ДӘЖЖО, ӘБЖ | Диагностикалар |
| | | Оқушылардың білім сапасының мониторингі | Тоқсан сайын | ДОІЖО | Мониторинг |
| | | Мұғалімдермен әңгімелесу | Жыл бойы | ДӘЖЖО, ӘБЖ | |
| 3.Мұғалімдерді аттестаттау | Мұғалімнің кәсіби шеберлігінің берілген біліктілік санатына лайықтылығын анықтау | Бұйрықтар дайындау:<br>1) Мектепішілік аттестаттау комиссиясын құру туралы<br>2) Эксперттік топ құру туралы<br>3) Мұғалімдердің біліктілік санатын көтеру аттестаттауын өткізу туралы | Қыркүйек | ДӘЖЖО | Бұйрық |
| | | Аттестаттаудан өту туралы өтініш-арыздарды қабылдау, мұғалімдердің тізімін анықтау | Ағымдағы оқу жылдың 25 мамырына дейін | ДӘЖЖО | Тізім |
| | | Аттестаттау мәселесі бойынша стенд дайындау | Қазан | ДӘЖЖО | Стенд |
| | | Семинар: «Нормативтік-құқықтық база және аттестаттау мәселелері | Қазан | ДӘЖЖО | Жоспар, мәлімет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бойынша әдістемелік нұсқаулар» | | | |
| | | Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің құжаттарын әзірлеу, сабақтарына қатысу, нәтижесін бақылау | Қараша | ДӘЖЖО | Нұсқаулар, ұсыныстар |
| | | Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің құжаттарын әзірлеу, сабақтарына қатысу, нәтижесін бақылау | Жыл бойы | Директор орынбасарлары | Аттестаттау материалдары |
| | | Мұғалімдердің аттестаттау жұмыстарының қорытындысын жасау | Наурыз | ДОІЖО | Бұйрық , есеп |
| 4.Мұғалімдердің біліктілігін арттыру | Мұғалімдердің кәсіби даярлық деңгейін көтеру | Мұғалімдердің кәсіби деңгейін диагностикалау, кәсіби өсу картасын әзірлеу | Қыркүйек | ӘБЖ | Диагностикалық карталар |
| | | Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша курстан өту жоспарын жасау | Қыркүйек | ДОІЖО | Кесте |
| | | Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру | Жыл бойы | ДОІЖО | Сертификаттар |
| | | Физика, химия, биология, информатика пәндері мұғалімдерінің үштілді білім беруге дайындық бойынша біліктілігін арттыру | Жыл бойы | ДОІЖО | Сертификаттар |
| | | Педагогикалық желілік қауымдастық жұмысын жандандыру | Жыл бойы | ДОІЖО | Желілік қауымдстық |
| | | «Тәжірибедегі рефлексия» кәсіби даму бағдарламасы бойынша өткізілетін мектепшілік курсы | Жоспар бойынша | Мектеп тренері | Сертификаттар |
| | | Мұғалімдердің кәсіби байқауларын ұйымдастыру (нақты қандай байқау өткізілетін көрсету қажет) | Жоспар бойынша | ДӘЖЖО, ӘБЖ | Марапаттау, альбомдар, БАҚ-та жариялау |
| | | Мектептің әдістемелік | Жоспар | ДӘЖЖО | Жоспар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | кабинетінің жұмысын ұйымдастыру | бойынша | | |
| | | Шығармашылық топтар жұмысын ұйымдастыру | Жоспар бойынша | ДӘЖЖО, ШТ жетекшілері | Есеп |
| | | Мұғалімнің рейтінгісін анықтау бағытында жұмыстар ұйымдастыру | Жартыжылдық сайын | ДӘЖЖО | Рейтинг диаграммасы |
| 5.Жас мамандар мен жұмыс | Мұғалімнің кәсіби тұлғасын қалыптастырудың жеке әдістемесін жасау | Жас мамандарға тәлімгерлер бекіту | Қыркүйек | ДӘЖЖО | Бұйрық |
| | | Жас мамандардың кәсіптік деңгейін және әдістемелік дайындығын зерттеу | Қыркүйек | ДӘЖЖО | Зерттеу материалдары |
| | | Стандарт талабының орындалуы туралы, журнал толтыру, техника қауіпсіздігі, жеке іс-қағаздарды толтыру, жоспар құру, сабақтың құрылымы туралы жас мамандарға кеңес беру | Қыркүйек | ДӘЖЖО, тәлімгер | Нұсқаулар, ұсыныстар |
| | | «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктері» тақырыбында коучинг өткізу | Қараша | ӘБЖ, тәлімгерлер | Коучинг, жоспары, мәлімет |
| | | Жас мұғалімдерді тәжірибелі ұстаздардың сабақтарына қатыстырып әдістемелік көмек көрсету | Жыл бойы | ДӘЖЖО | Нұсқаулар, ұсыныстар |
| | | Жас мамандар үшін «Мұғалім құзыреттілігі» тақырыбында семинар өткізу | Қаңтар | ӘБЖ, тәлімгерлер | Есеп |
| | | Жас мамандардың ашық сабақтарын ұйымдастыру | Кестеге сәйкес | Тәлімгерлер | Есеп |
| 6.Әдістемелік бірлестіктер жұмысы | Пән мұғалімдерінің оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеушілік жұмысының ұйымдастырылуы | ӘБ жетекшілерін бекіту | Қыркүйек | ДӘЖЖО | Бұйрық |
| | | ӘБ жоспарларын бекіту | Қыркүйек | ДӘЖЖО | Жоспарлар |
| | | Пән апталықтары | Жоспар бойынша | ДӘЖЖО | Альбомдар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мен қызмет көрсетуін басқару, қолдау көрсету | Оқу кабинеттерінің материалдық базасын нығайту жұмыстары | Жыл бойы | ӘБЖ | Үздіу кабинеттер |
| | | ӘБЖ есептері | Тоқсан сайын | ДӘЖЖО | Есеп |
| | | «Ең үздік әдістемелік бірлестік жетекшісі» байқауы | Жоспар бойынша | ДӘЖЖО | Марапаттау, альбом |
| 7.Озық педагогикалық тәжірибені тарату жұмыстары | Білім беру саласындағы озық педагогикалық идеяларды насихаттау | Озық педагогтердің жұмыс жүйесін зерттеу және талдау. Зерттелетін, жинақталатын тәжірибенің озық тәжірибені бағалау белгілеріне сәйкестігін анықтау | Қыркүйек-қазан | ДӘЖЖО, ӘБЖ | Зерттеу материалдары |
| | | Педагогикалық кеңестерде, ӘБ отырысында озық тәжірибені талқылау, шешімдер шығару | Қазан | ДӘЖЖО, ӘБЖ | Бұйрық |
| | | Ашық сабақтар арқылы тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастыру | Жыл бойы | ДӘЖЖО, ӘБЖ | Жоспарлар |
| | | Озық тәжірибені тарату мақсатында тәжірибені іс жүзінде көрсету (коучинг, lesson-study, шебер сыныптар, семинарлар) | Жыл бойы | ДӘЖЖО | Есептер |
| | | Озық тәжірибе көрмесін ұйымдастыру, апталық өткізу | Сәуір | ДӘЖЖО, ӘБЖ | Есептер |
| | | Тәжірибе материалдарын аудандық әдістемелік кабинетке ұсыну, баспасөз беттеріне жариялау | Мамыр | ДӘЖЖО, ӘБЖ | Бұйрық |
| | | Іс-тәжірибе жинақталған мұғалімдердің жұмысын қорытындылау | Мамыр | ДӘЖЖО | БАҚ беттерінде жариялау |

**«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі әдістемелік бірлестіктер құрамы, әдістемелік бірлестік жетекшілері, әдістемелік бірлестікке қамтылған пәндер, әдістемелік бірлестіктің шығармашылық тақырыптары.**

**Әдістемелік бірлестіктер**

| Тіл пәндер бірлестігі<br>Бірлестік жетекшісі:<br>Ш.Жаппаров | Қоғамдық гуманитарлық пәндер бірлестігі<br>Бірлестік жетекшісі:<br>А.Басапов | Жаратылыстану-математика пәндер бірлестігі<br>Бірлестік жетекшісі:<br>Э.Мамитов | Ізгілік пәндер бірлестігі<br>Бірлестік жетекшісі:<br>Б.Хайруллаев | Бастауыш сыныптар пәнде<br>бірлестігі<br>Бірлестік жетекшісі:<br>Мирзаханова Д. |
|---|---|---|---|---|
| Қамтылған пәндер:<br>1.қазақ тілі<br>2.қазақ әдебиеті<br>3. орыс тілі мен әдебиеті<br>4. өзбек тілі мен әдебиеті<br>5. ағылшын тілі | Қамтылған пәндер:<br>1.тарих<br>2. дүние жүзі тарихы<br>3.құқық<br>4. география | Қамтылған пәндер:<br>1.математика<br>2.физика<br>3.информатика<br>4.химия<br>5.биология | Қамтылған пәндер:<br>1.дене шынықтыру<br>2.АӘД<br>3.Көркем еңбек<br>4.музыка<br>5.кәсіпкерлік және бизнес<br>6. өзін-өзі тану | Қамтылған пәндер:<br>Бастауыш сыныптарда өтетін барлық пәндер |
| Шығармашылық тақырыбы:<br>Сабақта оқушыларды жеке тұлға ретінде дамытуына ықпал жасау, және оқушыларды ауызша сөйлеу қабилиеттерін арттыру. | Шығармашылық тақырыбы:<br>Жаңа технология элементтерін пайдалана отырып оқушылардың пән бойынша біліктілігін арттыру | Шығармашылық тақырыбы:<br>Математика, физика, информатика, химия, биология пәндерде оқытудың техникалық құралдарын пайдалана отырып оқушылардың білім сапасын жақсарту | Шығармашылық тақырыбы:<br>Жаңа технология элементтерін пайдалана отырып оқушыларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу | Шығармашылық тақырыбы:<br>Сабақтарда дидактикаль ойындардан пайдалана отырып оқушылардың ауызша сөйлеу қабілеттерін арттыру |

## ХАТТАМА № 1

2021 жыл 25-інші тамыз күні «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде мұғалімдердің әдістемелік кеңес отырысы болып өтті. Әдістемелік кеңес отырысына барлық мұғалімдер түгел қатысты.

Кеңес төрайымы: С.Ахмедова
Хатшысы: М.Нурметова

### Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын бекіту

2.Әдістемелік бірлестік жетекшілерінің жоспарын бекіту

3.Әдістемелік кеңестің құрамын бекіту

4. Әдістемелік кеңестің хатшысын сайлау

5.Пәндер бойынша мұғалімдердің апталык жүктемелерінің бөлінуі

6. «Оқу сапасын жақсартуда формативті бағалаудың рөлі» тақырыбында баяндама *|Ш.Жаппаров|*

7.Апталықтар мен онкүндіктердің кестесін жасап бекіту

### ТЫҢДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша мектептің директор - Т.Басанов сөз сөйледі.Ол өз сөзінде мектепте мектеп мұғалімдерінің әдістемелік кеңесін ұйымдастырып отырғандығы жайлы айтып,сонымен осы әдістемелік кеңесті ашық деп жариялады.Сөз кезегі мектептің оқу ісі меңгерушісі - С.Ахмедоваға берілді. С.Ахмедова күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша сөз сөйлей келе, 2021-2022 оқу жылына арнап, әдістемелік кеңестің жылдық жұмыс жоспары жасалынғандығы яғни сол жоспарды бекіту керектігі туралы айтты.Сонымен қатар 2021-2022 оқу жылында әдістемелік кеңестің жоспары бойынша бес отырыс болатындығы,әрбір отырыста көрілетін мәселелер қойылып отырғандығын айтты.Бұл мәселе бойынша мектеп директоры - Т.Басанов сөз сөйлеп, әдістемелік кеңестің жылдық жұмыс жоспарына косарын айтып өтті.

*(әдістемелік кеңестің жылдық жұмыс жоспары қоса тігілді)*

2. Күн тәртібіндегі екінші мәсеәле бойынша сөз кезегі мектептің оқу ісі меңгерушісі - С.Ахмедоваға берілді.Ол мектепте барлық пәндер бойынша 11 бірлестікке біріктірілгендігі және осы бірлестіктерге бірлестік жетекшілері тағайындалғандығын айтты.

1.Бастауыш сынып пәндері бірлестігі бірлестік жетекшісі -Д.Пайзуллаева

3.Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бірлестігі бірлестік жетекшісі - Ш.Жаппаров

4.Өзбек тілі мен әдебиеті пәндері бірлестігі бірлестік жетекшісі - Н.Жаппарова

5.Ағылшын тілі пәні бірлестігі бірлестік жетекшісі - А.Сайтнабиев

6.Орыс тілі мен әдебиеті пәндері бірлестігі бірлестік жетекшісі -М.Басанова

7.Химия-биология пәндері бірлестігі бірлестік жетекшісі -Н.М.Асетова

8.Математика – физика пәндері бірлестігі бірлестік жетекшісі - И.Егембердиева

9.Тарих-география пәндері бірлестігі бірлестік жетекшісі - А.Басанов

10.Еңбек-технология пәні бірлестігі бірлестік жетекшісі -С.Файзуллаев

11.Денешынықтыру пәні бірлестігі бірлестік жетекшісі -Б.Хайруллаев.

Бұл бірлестіктердің барлықтарының 2021-2022 оқу жылына арнап жылдық жұмыс жоспары дайын екендігі, оны бекіту керектігін айтты.

3.Әдістемелік кеңестің құрамын бекіту туралы мектептің оқу ісі меңгерушісі - С.Ахмедовасөз сөйлеп, мектептің төмендегі мұғалімдері әдістемелік кеңестің құрамы мүшелері болып бекітілуі туралы ұсынысын айтты.

1.С.Ахмедова-Оқу ісі меңгерушісі –кеңес төрайымы

2.С.Мирзаханов - оқу ісі меңгерушісі - мүшесі

3.Ж.Мирзаханов-- ағылшын тілі пәні мұғалімі, тренер мұғалім - мүшесі

4.Ш.Жаппаров –қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестік жетекшісі, тренер мұғалім - мүшесі

5.А.Басанов -- тарих-география пәні бірлестік жетекшісі - мүшесі

6.М.Нурметова - қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі - хатшысы

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша мектептің оқу ісі меңгерушісі - С.Ахмедовасөз сөйлеп, ол өз сөзінде әдістемелік кеңестің хатшысын сайлау керектігі туралы айтты.Бұл мәселе бойынша мектептің физика пәні мұғалімі - Ю.Мухитдинов сөзге шығып, ол әдістемелік кеңестің бұрыңғы хатшысы мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі М.Нурметова өз жұмысын жалғастыра беруі туралы өз ойын ортаға салды. Көпшілік бір дауыспен М.Нурметованы әдістемелік кеңестің хатшысы болып сайлануын бір дауыспен мақұлдады.

5.Пәндер бойынша мұғалімдердің апталык жүктемелерінің бөлінуі мәселесі туралы мектептің оқу ісі меңгерушісі - С.Ахмедовасөз сөйледі. Ол пәндер бойынша берілген барлық сабақ сағаттары әрбір бірлестікте мұғалімдер арасында (қосымша қоса тіркелді) бөлінгендігі туралы айтты. Әрбір бірлестіктің бірлестік жетекшілері апталық жүктеменің қалай бөлінгендігін айтты.Бұл мәселе бойынша мектептің косымша білім беру педагогі - Х.Абдукаримов косымша үйірме сабақтары мен факультатив сабақтарының да мұғалімдер арасында бөлінгендігі жайлы айтты.

6. Әдістемелік кеңестің төрайымы - С.Ахмедова күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз кезегін баяндамашы, мектептің казақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі - Ш.Жаппаровқа берді. Ш.Жаппаров өзінің «Оқу сапасын жақсартуда формативті бағалаудың рөлі» тақырыбындағы баяндамасы бойынша сөз сөйлеп, ол формативті бағалаудың оқушы және олардың білім сапасындағы рөлінің өте маңызды екеніне кеңінен тоқталды.Сонымен қатар, формативті бағалау әр сабақта және күнде жүргізіліп тұру қажеттігін айтты. Бұл мәселе мектептің тарих пәні мұғалімі - А.Басанов оқушылардың білімін бағалау, оқушылырды алға ұмтылуға үйрететіндігін айта, өз пікірін қосты.

7. Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша апталықтар мен онкүндіктердің кестесін жасап бекіту туралы мектептің оқу ісі менгерушісі - С.Ахмедова сөзге шықты. Ол мектепте барлық пәндердің оқытылуын тексеру мақсатында пән бірлестіктеріне апталықтар мен онкүндіктер кесте бойынша қойылғандығы жайлы айтып, апталықтар мен онкүндіктерді өткізу кестесін оқып, таныстырды. Көпшілік тыңдай отырып, жасалған апталықтар мен онкүндіктерді өткізу кестесін мақұлдап, бекітуін ұсынды.Ұсыныс дауыска қойылып, қарсылар болған жоқ.

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі 2021-2022 оқу жылында мектепте өтілетін пән апталықтары мен онкүндіктері кестесі төмендегідей:

| Р,с | Пән апталықтары және онкүндіктері | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1. | Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, өзбек тілі пәндері апталығын ұйымдастыру және өткізу | 19.10.-24.10 2021 ж | С.Ахмедова Бірлестік жетекшілері |
| 2. | Математика, физика, информатика пәндері апталығын ұйымдастыру және өткізу | 09.11.-14.11.2021 ж | С.Ахмедова Бірлестік жетекшілері |
| 3. | Биология, химия, география пәндері апталығын ұйымдастыру және өткізу | 07.12.-12.12 2021 ж | С.Ахмедова Бірлестік жетекшілері |
| 4. | Тарих, қазақстан тарихы, қоғам пәндері апталығын ұйымдастыру және өткізу | 18.01.-23.01.2021ж | С.Ахмедова Бірлестік жетекшілері |
| 5. | Бастауыш сыныптар онкүндігін ұйымдастыру және өткізу | 08.02.-13.02.2021ж | С.Ахмедова Бірлестік жетекшілері |
| 6. | Көркем еңбек, технология пәндері апталығын ұйымдастыру және өткізу | 22.02.-27.02.2021ж | С.Ахмедова Бірлестік жетекшілері |
| 7. | Денешынықтыру, АӘД пәндері бойынша апталығық ұйымдастыру және өткізу | 09.03.-13.03 2022 ж | С.Ахмедова Бірлестік жетекшілері |
| 8. | Шығармашылық топ онкүндігін ұйымдастыру және өткізу | 05.04.-16.04 2022ж | С.Ахмедова Бірлестік жетекшілері |

Жиналыс қаулы етеді:

1. 2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік кеңестің жұмыстың жоспары бекітілсін.

1.2. Әдістемелік кеңестің жұмыстың жоспары бойынша жұмыс жүргізу және оған басшылық жасау мектептің оқу ісі меңгерушісі - С.Ахмедоваға жүктетілсін.

2.1. Әдістемелік бірлестік жетекшілерінің жұмыс жоспарын бекітілсін.

2.2.Жоспар бойынша жұмыс жүргізуді қадағалау бірлестік жетекшілеріне жүктетілсін.

3. Әдістемелік кеңестің құрамы төмендегідей болып бекітілсін.

1.С.Ахмедова-Оқу ісі меңгерушісі –кеңес төрайымы

2.С.Мирзаханов - оку ісі меңгерушісі - мүшесі

3.Ж.Мирзаханов-- ағылшын тілі пәні мұғалімі, тренер мұғалім - мүшесі

4.Ш.Жаппаров –қазак тілі мен әдебиеті пәні бірлестік жетекшісі, тренер мұғалім - мүшесі

5.А.Басанов -- тарих-география пәні бірлестік жетекшісі - мүшесі

6.М.Нурметова - қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі - хатшысы

4. Әдістемелік кеңестің хатшысы болып, мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі М.Нурметова сайлансын.

5. Пәндер бойынша апталық жүктемелердің мұғалімдер арасында бөлінуі дұрыс деп табылсын.

6. Оқу сапасын жақсарту мақсатында формативті бағалауды әр сабакта және күнде жүргізіп отыру пән мұғалімдеріне жүктетілсін.

7. Пәндер бойынша апталықтар мен онкүндіктердің кестесі жоғарыдағыдай етіп бекітілсін және кесте бойынша атқарылатын жұмыстар өз мерзімінде өткізілсін.

Кеңес төрайымы: С.Ахмедова

Хатшысы: М.Нурметова

## 2-отырыс

*/қараша айы/*

| Р/с | Жұмыстың мазмұны | Жауаптылар |
|---|---|---|
| 1. | **Баяндама:** «Оқу үдерісінде қолданылатын әдіс-тәсілдер» | Ш.Жаппаров |
| 2. | **Баяндама:** «Жиынтық бағалау үдерісі» | С.Мирзаханов |
| 3. | **Баяндама:** «Оқушылардың өзіндік жұмысы» | Д.Пайзуллаева |
| 4. | **Баяндама:** «Қашықтықтан оқыту технологиясындағы кері байланыс» | М.Нурметова |
| 5. | Коучинг сабақ: «Ашық сұрақтар қою арқылы сын тұрғысынан ойлауға үйретуде Блум таксономиясынан пайдалану». | Э.Мамитов |

## ХАТТАМА № 2

2021 жыл 17-інші қараша күні «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде мұғалімдердің әдістемелік кеңес отырысы болып өтті. Әдістемелік кеңес отырысына барлық мұғалімдер түгел қатысты. Яғни 48 мұғалім қатысты.

Жиналыс төрайымы: С.Ахмедова

Хатшысы: М.Нурметова

### Күн тәртібінде:

1. «Оқу үдерісінде қолданылатын әдіс-тәсілдер» тақырыбында баяндама *\/Ш.Жаппаров/*
2. «Жиынтық бағалау үдерісі» тақырыбында баяндама *\/С.Мирзаханов/*
3. «Оқушылардың өзіндік жұмысы» тақырыбында баяндама *\/Д.Пайзуллаева/*
4. «Қашықтықтан оқыту технологиясындағы кері байланыс» тақырыбында баяндама *\/М.Нурметова/*
5. Коучинг сабақ: «Ашық сұрақтар қою арқылы сын тұрғысынан ойлауға үйретуде Блум таксономиясынан пайдалану». *\/Э.Мамитов/*

### Тыңдалды:

Мектептің оқу ісі меңгерушісі - С.Ахмедова сөзге шығып,ол әдістемелік кеңесті ашық деп жариялап, сөз кезегін баяндамашыларға берді. Бірінші баяндамашы мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі – Ш.Жаппаров сөз сөйлеп, ол өз сөзінде «Оқу үдерісінде қолданылатын әдіс-тәсілдер» тақырыбында айтты. Оқу үдерісінде қолданылатын әдіс-тәсілдердің түрлері туралы, оларды сабақ кезеңдерінде үнемі пайдалану керектігі жайлы, сонымен қоса әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары, есте сақтау қабілеттері сыни ойлау қабілеттері дамуына әсері көп екендігін айтты.

Екінші мәселе бойынша мектептің математика пәні мұғалімі – С.Мирзаханов сөзге шығып, ол өзінің «Жиынтық бағалау үдерісі» тақырыбындағы баяндамасы бойынша сөз сөйледі. Жиынтық бағалау, оның

түрлері: бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсан бойынша алынатын жиынтық бағалау түрлері, жиынтық бағалаудың көлемі, тілдік дағдылар бойынша тапсырмалардың берілуі, жиынтық бағалауды бағалау нормалары туралы айтты.

Кезектегі мәселе бойынша мектептің бастауыш сынып мұғалімі – Д.Пайзуллаева сөз сөйлеп, өзінің . «Оқушылардың өзіндік жұмысы» тақырыбында баяндамасымен таныстырды. Мұғалім әрбір сабақта оқушылардың білімдерін пысықтау мақсатында өзіндік жұмысын пайдалану қажеттігін айтты.Өзіндік жұмысын алу барысында түрлі тапсырмалар орындалса болады деген ойын айтты.Бұл мәселе бойынша тарих пәні мұғалімі, бастауыш сынып мұғалімі Д.Мирзахановалар өзіндік жұмысты қолданудыдың пайдасы туралы өз пікірлерін қосты.

Төртінші мәселе бойынша мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі - М.Нурметова «Қашықтықтан оқыту технологиясындағы кері байланыс» тақырыбында баяндама жасады. Ол қашықтықтан оқыту кезінде міндетті түрде оқушылардан кері байланыс алып отыру керекті, сонымен қатар, оқушыны бағалау кезінде кері байланыс арқылы әрқайсысына жеке - жеке әртүрлі сұрақтар беріп отыру қажеттігін айтты. Бұл мәселе бойынша Ш.Жаппаров, С.Мирзаханов және Н.С.Асетовалар өз пікірлерін білдірді.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша мектептің информатика пәні мұғалімі - Э.Мамитов өзінің «Ашық сұрақтар қою арқылы сын тұрғысынан ойлауға үйретуде Блум таксономиясынан пайдалану» тақырыбындағы коучинг сабағын өткізді. Ол сабақ кезінде барлық мұғалім Блум таксономиясынан пайдалануы, оқушыны сын тұрғысынан ойлауға үйретуде ашық сұрақтар қоюдың маңызы зор екендігін айтты. Бұл мәселе бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, тренер оқытушы - Ш.Жаппаров сөз сөйлеп, ол Блум таксономиясынан пайдаланудың тиімді жолдарын айтты.

## Жиналыс қаулы етеді:

1.1.Мұғалімдердің сабақ барысында жаңашыл әдіс – тәсілдерден тиімді қолдану қолға алынсын.

1.2. Мұғалімдер өз сабақтарында әдіс-тәсілдерді сабақта тиімді қолдану пән мұғалімдері - Ш.Жаппаров және Ж.Мирзахановтармен тәжірибе алмасу жұмыстары арқылы жүзеге асырылсын.

2.Мептепте пәндер бойынша жиынтық бағалаудың жұмыстарының өз деңгейінде орындалуы дұрыс жолға қойылсын.

3.Мұғалімдер сабақ барысын да оқушылардан өзіндік жұмыс түрлерінен пайдалану жолдары жандандырылсын.

4. Қашықтықтан оқыту кезінде кері байланыс алып отыру пән мұғалімдерінен талап етілсін

5.1. Э.Мамитовтің «Ашық сұрақтар қою арқылы сын тұрғысынан ойлауға үйретуде Блум таксономиясынан пайдалану» тақырыбындағы коучинг сабағы «қанағаттанарлық» деп танылсын.

5.2. Ашық сұрақтар қою арқылы сын тұрғысынан ойлауға үйретуде Блум таксономиясынан пайдалану пән мұғалімдерінен талап етілсін.

Жиналыс төрайымы: С.Ахмедова

Хатшысы: М.Нурметова

# 3-отырыс

*/қаңтар айы/*

| Р/с | Жұмыстың мазмұны | Жауаптылар |
|---|---|---|
| 1. | 1.**Баяндама:** «Қалыптастырушы бағалауды сабақта қолданудың тиімді жолдары | Ж. Мирзаханов |
| 2. | 2. **Баяндама:** «Оқушылардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін қалыптастыру» | У.Нарметова |
| 3. | 3. **Баяндама:** «Дарынды бала - ел тірегі, мемлекет болашағы» | С.Мирзаханов |
| 4. | 4. **Баяндама:** «Оқушылардың білімін, дағдыларын зерттеу» | Ш. Жаппаров |

## ХАТТАМА № 3

2022 жыл 22-нші қаңтар күні «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде мұғалімдердің әдістемелік кеңес отырысы болып өтті. Әдістемелік кеңес отырысына барлық мұғалімдер түгел қатысты.

Кеңес төрайымы: С.Ахмедова

Хатшысы: М.Нурметова

## Күн тәртібінде:

**1.Баяндама:** «Қалыптастырушы бағалауды сабақта қолданудың тиімді жолдары» */Ж.Мирзаханов/*

2. **Баяндама:** «Оқушылардың шығармашылық және танымдык қабілеттерін калыптастыру» */У.Нарметова/*

3. **Баяндама:** «Дарынды бала – ел тірегі, мемлекет болашағы» */С.Мирзаханов/*

4. **Баяндама:** «Окушылардын білімін, дағдыларын зерттеу» */Ш.Жаппаров/*

## Тыңдалды:

Әдістемелік кеңес төрайымы, мектептің оқу ісі меңгерушісі - С.Ахмедова сөз сөйлеп, кезектегі әдістемелік кеңесті ашық деп жариялап, мұғалімдерді күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.Сөз кезегі баяндамашыларға берілді. Алғашқы мәселе бойынша сөз кезегі мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі - Ж.Мирзахановқа берілді. Ол «Қалыптастырушы бағалауды сабақта қолданудың тиімді жолдары» тақырыбында баяндама жасады.Яғни, сабақ кезінде оқушылармен жұмыс, калыптастырушы бағалау үшін берілетін тапсырмалар және олардың көлемі, оны бағалау жолдары туралы айтты. Сонымен катар, дәптермен жұмыс, оқушылардың дәптерлерін тексерудің жолдары туралы айтты.Бұл мәселе

бойынша математика пәні мұғалімі яғни мектептің бастауыш сыныптардағы оқу ісі меңгерушісі - С.Мирзаханов та бастауыш сынып оқушыларының пән дәптерлерінің пәндер бойынша қашан және қанша рет тексерілу керектігі жайлы айтты.

**Тыңдалды:**

Екінші мәселе бойынша мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі - М.Нарметова «Оқушылардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін қалыптастыру» тақырыбында баяндама жасады. Ол оқушылардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін қалыптастыру мақсатында атқарылатын жұмыстар, тапсырма беретін кезде әрине оқушы қабілетін ескере отыру керектігін, сонымен қатар, оқушы шығармашылығын бағалау кезінде кері байланыс арқылы әрқайсысына жеке - жеке әртүрлі сұрақтар беріп отыру қажеттігін айтты. Бұл мәселе бойынша Ю.Мухитдинов және Н.М.Асетовалар өз пікірлерін білдірді.

**Тыңдалды:**

3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектептің бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі меңгерушісі, математика пәнінің мұғалімі - С.Мирзаханов «Дарынды бала - ел тірегі, мемлекет болашағы» тақырыбында баяндама жасады. Ол алдымен дарынды баланы анықтау жолдары туралы, дарынды баламен жұмыс жүргізу жолдары, оның неге дарынды екендігі және қабілетіне қарай отырып, онымен жұмыс жүргізу керектігін айтты. Бұл мәселе бойынша Ш.Жаппаров, У.Мамитова және Н.С.Асетовалар дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу бойынша өз пікірлерін білдірді.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, тренер мұғалім - Ш.Жаппаров өзінің «Оқушылардың білімін, дағдыларын зерттеу» тақырыбындағы баяндамасын оқыды. Ол оқушылардың білімін, дағдыларын зерттеу мақсатында мұғалімдер бір-бірінің сабақтарына үнемі еніп отыру керектігі, қатысқан сабақтардың сапасын, оқушылар білімділігінің тереңдігі және тиянақтылығына талдау жасау қажеттігін айтты. Бұл мәселе бойынша тарих пәні мұғалімі - А.Басанов және бастауыш сынып мұғалімі - Э.Курбанбаевтар өз ойларын айтты.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1.Мұғалімдердің сабақ барысында қалыптастырушы бағалауды тиімді қолдану қолға алынсын.

**2.** Оқушылардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін қалыптастыру мақсатында оқушымен жұмыс жүргізу пән мұғалімдерінен талап етілсін.

**3.** Мектепте дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу пән мұғалімдеріне жүктетілсін және жандандырылсын..

**4.** Оқушылардың білімін, дағдыларын зерттеу мақсатында мұғалімдер бір-бірінің сабақтарына үнемі еніп отыру пән мұғалімдерінен талап етілсін.

Кеңес төрайымы: С.Ахмедова

Хатшысы: М.Нурметова

## 4-отырыс

*/сәуір айы/*

| Р/с | Жұмыстың мазмұны | Жауаптылар |
|---|---|---|
| 1. | **Баяндама:** «Оқушыларды пәндік олимпиадаға қалай дайындау керек?» | А.Басанов |
| 2. | Ғылыми жоба жұмысы және оны ұйымдастыру туралы | Х. Абдукаримов |
| 3. | Қорытынды аттестация және мектепте мемлекеттік емтихандарды өткізу туралы | С.Ахмедова |
| 4. | Мектептің бітіруші 11-сынып оқушыларын ҰБТ - ке дайындау және оның нәтижелері туралы | С.Мирзаханов |

# Хаттама

2022 жыл 26 сәуір күні „Қос-Қорған" талапы орта мектебінде әдістемелік кеңес болып өтті. Әдістемелік кеңеске 48 мұғалім қатысты.

Кеңес төрайымы: С. Ахмедова
хатшысы: М. Нурметова

Күн тәртібінде:

1. Оқушының пәндік олимпиадаға қалай дайындау керек
/тарих пәні мұғалімі: А. Хасанов/

2. Ғылыми жоба жұмысы бойынша
/бейіндік оқыту бойынша директор орынбасары: Х. Абдукаримов/

3. Қорытынды аттестация, мектепте мемлекеттік емтихандарды өткізу туралы
/оқу ісі меңгерушісі: С. Ахмедова/

4. Мектептің бітіруші 11-сынып оқушыларын ҰБТ-ке дайындау және оның нәтижелері
/оқу ісі меңгерушісі: С. Мирзаханов/

5. Түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Мектеп директоры – М. Игамбердиева сөзге шығып, ол мектептің жылдық жоспарына сай әдістемелік кеңес өткізу керектігін айтып, сөз кезегін мектептің оқу ісі меңгерушісі – С. Ахмедоваға берді. Оқу ісі меңгерушісі – С. Ахмедова әдістемелік кеңесті ашық деп жариялады. Алдымен әдістемелік кеңес мүшелерін сайлау қажеттігін айтты. Яғни олар мектеп мұғалімдері оқу ісі меңгерушісі – С. Мырзаханов, өйінрік оқыту бойынша директордың орынбасары – Х. Абдукаримов тренер мұғалімдер – Ш. Жаппаров және Ж. Мырзахановтар және тарих пәні мұғалімі – А. Басановтарды ұсынды. Ұсыныс дауысқа қойылып, көпшілік бір дауыспен жоғары аттары аталғандарды әдістемелік мүшелігіне тағайындауды мақұлдады. Әдістемелік кеңес төрайымы – С. Ахмедова күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып, сөз кезегін баяндамашы – тарих пәні мұғалімі – А. Басановқа берді. А. Басанов алғашқы мәселе бойынша баяндама жасады, яғни мектеп оқушыларын пәндік олимпиадаға қалай дайындау керек?, бөлімі бойынша алдымен оқушыны таңдау керектігі, сонымен қатар дайындаудың маңызды кезеңдерімен таныстырып өтті. Кезеңдері: оқушының теориялық білімін жетілдіру, теориялық білімін практикалық түрінде қолдану, зерттеу, талдау және

болжам жасау, ғылыми-зерттеу, өлкетану жұмыстарымен айналысу және соңғы қорытынды нәтижелеріне талдамен тоқталып өтті. Көпшілік бір дауыспен қаулы қабылдады.

Кеңес қаулы етеді:

1.1. Олимпиада жұмыстарын жүргізуде секциялар бойынша олимпиада резервтері құрылсын.

1.2. Оқушыларды пәндік олимпиадаларға дайындауда пән мұғалімдері топтар жасап, соның негізінде жұмыс жүргізу қолға алынсын.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың бейіндік оқыту бойынша орынбасары - Х. Абдукаримов сөзге шығып, баяндама жасады. Ол баяндамасында мектепте ғылыми жоба жұмысын жүргізу бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды жандандыру керектігі, барлық пән бірлестігі мүшелері қатыстыру керектігін, маңыздысы ғылыми жоба жұмысын осы ауылдағы археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген орындар бойынша алып бару керектігін, сонымен қатар басқа да оқу орындары, мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдармен байланыс орнату қажеттігін айтты. Бұл мәселе бойынша мектептің тарих пәні мұғалімдері - И. Исраилова мен А Тасашовтар да пікірлерін қосты. Көпшілік бір дауыспен қаулы қабылдады.

Кеңес қаулы етеді:

2.1. Оқушылардың ғылыми жобалық жұмысын жандандыру қолға алынсын.

2.2. Осы мақсатқа барлық пән бірлестік мүшелері қатыстырылсын.

2.3. Ғылыми жоба жұмысын ә деңгейінде жүргізу үшін басқа да оқу орындары, мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдармен байланыс орнату жолға қойылсын.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша сөз кезегі, мектептің оқу ісі меңгерушісі - С.Мырзаханов сөзге шықты. Ол ө баяндамасында мектептің бітіруші 11-сынып оқушыларын ҰБТ-ке дайындау жұмыстары және оның нәтижелері туралы айтты. Мектеп мұғалімдері оқушыларға жасалған жоспар негізінде дайындап жүргендігі, кесте бойынша қосымша сабақтар өтіп жүргендігі, сонымен қатар пәндер бойынша әрбір оқушыдан алынған сынама тест ө уақытында алынып, талдау жасалынып, оның мониторингі жасалынып нәтижесі алынып отырғандығын айтты. Пәндер бойынша алынған тесттер нәтижесі әрбір оқушыға жеке-жеке мониторингі жасалынғанын интербелсенді тақтада көрсетілді. Оқушылардан алынған әрбір пән бойынша тест нәтижесіне тоқталып, оның ішінде ең төмен нәтиже не болған дүниежүзі тарихы және қазақстан тарихы пәндеріне тағы тоқталып өтті.

Осы айтылған нәтижелерді ескере отырып С. Мырзаханов комиссияға, төмен нәтиже көрсетіп отырған тарих пәнін, яғни екі пән бойынша тек бір мұғалім дайындық түрізін жатқанын, осы екі пән дүниежүзі тарихы мен қазақстан тарихы пәндерінен екі мұғалім дайындықты жүргізсе, яғни бұлар И.Исраилова мен А.Басановтар деген ұсынысты білдірді. Ұсыныс дауысқа қойылып, комиссия бір дауыспен қаулы қабылдады.

Келесі қаулы етеді:

3.1. Бітіруші 11-сынып оқушыларын ҰБТ-ке дайындау нәтижелері пән мұғалімдеріне түсіндірілсін.

3.2. Оқушыларды ҰБТ-ке дайындау барысында төмен нәтиже көрсеткен тарих пәні бойынша екі мұғалім И.Исраилова мен А.Басановтар қазақстан тарихы пәне дүниежүзі тарихы пәндері бойынша дайындықты жалғастырсын.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша мектептің оқу ісі меңгерушісі - С. Ахмедова сөз сөйледі: Ол мектепте 2020-2021 оқу жылын аяқтау бойынша қорытынды аттестация яғни мектепте мемлекеттік емтихандарды өткізу бойынша келген бұйрықпен таныстырды

9-сыныптарда өтетін емтихандарды пәндер бойынша ауызша және жазбаша емтихандар, 11-сыныптарда да өтетін емтихандарды атап, өтетін кезінде таныстырды. Бітіруші сынып оқушыларын емтихандарға дайындау үшін консультациялар кестесі дайындалғанын соның негізінде пән мұғалімдері дайындау жұмыстарын жүргізу керектігін айтты. Бұл мәселе бойынша мектеп директоры М.Цатуллаева да емтихан өткізу ережелері бойынша өз пікірін қосты.

Кеңес қаулы етеді:

4.1. Мектептің бітіруші 11-сынып және 9-сынып оқушыларын мемлекеттік емтихандарға дайындау жұмыстары пән мұғалімдеріне жүктетілсін.

4.2. Кесте бойынша консультацияларға оқушыларды түгендеп беру сынып жетекшілеріне жүктетілсін.

Кеңес төрайымы: С.Ахмедова

Хатшысы: [signature] Нұрметов М.

## Хаттама

### №5 Отырыс

1.2021-2022 оку жылындағы мұғалімдердің курстан өтуі, аттестация қорытындысы . /С. Ахмедова/

2. Әдістемелік бірлестік жетекшілерінің жұмысы іс-құжаттарын тексеру корытындысы/ С.Мирзаханов /

3. 2021-2022 оку жылында озык іс-тәжірибенің таратылуы.

1. Бірінші мәселе бойынса С.Ахмедова соз сөйледі . Өз сөзінде мектептің мұғалімдерінің кай кезде курстан өтуі туралы айтып түсіндірді. Жарыс сөзге С.Файзуллаев шығып. өзінің кай кезеңде курстан өтетінін сұраса, мектептің бастауыш сынып жетекшісі Машхура Егембердиева өзінің курсы жайлы сұрап біліп алды. Барлық мұғалімдер С.Ахмедоваға берген есебіне қанағаттанарлы деп қолдау корсетті.
2. Екінші мәселе бойынша бірлестік жетекшілерінің корытындысы бойынша Оку ісі меңгерушісі – С.Ахмедова баяндама жасады. 1) Бастауыш сыныптар пәндері бірлестігі- жетекшісі Д.Мирзаханова Э. Курбанбаев. Бастауыш сыныптар пәндерде брлестігінде 8 мұғалім бар.2) Өзбек тілі және ағылшын тілі бірлестігі бірлестігі- жетекшісі Н.Жаппарова Ж.Мирзаханов. 3) Қазақ тілі мен әдебиет пәні бірлестігі- бірлестігі- жетекшісі Ш.Жаппаров. 4) Орыс тілі мен әдебиеті бірлестігі- жетекшісі М.Басанова 5) Физика информатика пәндер бірлестігі- жетекшісі Э.Мамитов 6) Тарих география пәндер бірлестігі- жетекшісі А.Басанов осындай бірлестіктер бар. Әр бір бірлестіктің іс-құжаттарын тексуру барысында нәтижелерін айтты.
3. Үшінші мәселе бойынша Ж.Мирзаханов озык тәжірибе жайлы сөз сөйлеп бір қатар түсіндірме жұмыстары мен бөлісті. Озат педагогикалық тәжірибе дегеніміз — қоғамдық педагогикалық қызметтін бастауы ретінде, накты жағдайларды, балалардын, ұжымның және жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескерумен бірге, педагогтын жұмыс тәжірибесінде педагогика заңдары мен принциптерін белсенді түрде меңгеруі және іске асыруы деген сөз. Ж.Мирзаханов тің іс – тәжірибесі Республикада таратылды .

### Қаулы:

1. 2021-2022 оку жылындағы мұғалімдердің курстан өтуі, аттестация қорытындысы қанағаттанарлы деп есептелінсін

2.. Екінші мәселе бойынша Әдістемелік бірлестік жетекшілерінің жұмысы іс-құжаттарын тексеру қорытындысы канағаттанарлы деп есептелінсін.

3. Мұғалімдердің озық тәжірибелері және авторлық бағдарламалар дайындау колға алынсын. корытындысы қанағаттанарлы деп есептелінсін .

Кенес торайымы : С.Ахмедова

Хатшысы : Б.Бабажанов